

**«ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»**

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

**БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ҚАУЛЫСЫ**

2016 жылғы 31 тамыз

Алматы қаласы



**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ**

**«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»**

**ПОСТАНОВЛЕНИЕ
ПРАВЛЕНИЯ**

№ 213

город Алматы

**Көрсетілетін төлем қызметтері
туралы мәліметтер беру
қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Әділет
министрлігінде 2016 жылғы 19
қазанда № 14339 тіркелген

(2019.30.03. берілген [өзгерістер мен толықтырулармен](#))

*ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2018.27.08. № 182 [Қаулысымен](#) кіріспе жаңа редакцияда
([бұр.ред.қара](#))*

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы, «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы және «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының [заңдарына](#) сәйкес, көрсетілетін төлем қызметтері туралы мәліметтер беру тәртібін белгілеу мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Көрсетілетін төлем қызметтері туралы мәліметтер беру [қағидалары](#) (бұдан әрі - Қағидалар) бекітілсін.

2. Осы қаулыға [қосымшаға](#) сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

3. Төлем жүйелері департаменті (Ашықбеков Е.Т.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік [тіркеуді](#);

2) осы қаулыны «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына;

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін күнтізбелік он күн ішінде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға;

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізіліміне, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізуге жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ғ.О. Пірматовқа жүктелсін.

6. Осы қаулы ресми жариялануға тиіс және:

1) 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін Қағидалардың [19-тармағын](#) және Қағидаларға [13-қосымшаны](#);

2) 2016 жылғы 1 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізілетін және 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылатын Қағидалардың [20-тармағын](#) және Қағидаларға [14-қосымшаны](#);

3) осы қаулы алғашқы ресми [жарияланған](#) күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілетін Қағидалардың [21-тармағын](#) және Қағидаларға [15-қосымшаны](#) қоспағанда, 2017 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк Төрағасы

Д. Ақышев

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрлігі

Статистика комитетінің төрағасы

Н. Айдапкелов

2016 жылғы «_____» _____

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2016 жылғы 31 тамыздағы
№ 213 [қаулысымен](#)
бекітілген

Көрсетілетін төлем қызметтері туралы мәліметтер беру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Көрсетілетін төлем қызметтері туралы мәліметтер беру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы және «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» 2016 жылғы 26 шілдедегі (бұдан әрі - Төлемдер және төлем жүйелері туралы заң) Қазақстан Республикасының [зандарына](#) сәйкес әзірленді.

2. Қағидалар көрсетілетін төлем қызметтері туралы мәліметтерді (бұдан әрі - мәліметтер) беру тәртібін айқындайды.

3. Қағидаларда «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» 2009 жылғы 28 тамыздағы, «Ақпараттандыру туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының заңдарында, Төлемдер және төлем жүйелері туралы [заңда](#), Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14299 тіркелген «Төлем карточкаларын шығару қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында оларды пайдалана отырып жүргізілген операцияларға қызмет көрсету бойынша қызметке қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 205 қаулысымен бекітілген Төлем карточкаларын шығару [қағидаларында](#), сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында оларды пайдалана отырып жүргізілген операцияларға қызмет көрсету бойынша қызметке қойылатын талаптарда көзделген ұғымдар, сондай-ақ мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) алаяқтық операциялар - электрондық терминалдар, қашықтан қол жеткізу жүйелері, ақша аударымдары жүйелері арқылы, банктің үй-жайларында, оның ішінде төлем карточкасын және (немесе) оның деректемелерін пайдалана отырып жүзеге асырылған заңсыз қолма-қол ақшасыз төлемдер, ақша аударымдары және (немесе) қолма-қол ақша беру бойынша операциялар;

2) банктік киоск - банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның ақпарат жүйесіне қосылу арқылы немесе интернет-ресурсына кіру арқылы өзіне өзі қызмет көрсету режимінде электрондық банктік қызметті (оның ішінде төлем карточкаларын пайдалана отырып, қолма-қол ақша беру (қабылдау) операцияларын, төлемдер және (немесе) ақша аударымдарын, валюталарды конвертациялауды және банк операцияларының өзге түрлерін жүргізуді қоса алғанда) алуға, сондай-ақ тиісті операцияларды жүргізу фактісін растайтын құжаттарды жасауға арналған электрондық-механикалық құрылғы;

3) басқа банктің қызмет көрсету желісі - кез келген басқа банктің, кез келген банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның иелігіндегі және электрондық банктік қызметтерді көрсету кезінде пайдаланылатын электрондық-механикалық құрылғылардың жиынтығы;

4) кредиттік лимиті бар дебеттік төлем карточкасы - төлем карточкасын беру және қызмет көрсету шартына сәйкес не төлем карточкасын ұстаушының өтінімі бойынша

эмитент берген қарыз сомасы шегінде төлемдерді жүзеге асыру мүмкіндігі берілетін дебеттік төлем карточкасы;

5) қосымша төлем карточкасы - клиенттің сенім білдірілген тұлғасының атына эмиссияланған төлем карточкасы;

6) меншікті қызмет көрсету желісі - банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның иелігіндегі және электрондық банктік қызметтерді көрсету кезінде пайдаланылатын электрондық-механикалық құрылғылардың жиынтығы;

7) негізгі төлем карточкасы - ұстаушысы клиент болып табылатын төлем карточкасы;

8) процессинг орталығы - төлем карточкаларымен операциялар бойынша процессингті және төлем карточкалары жүйесінің қатысушыларымен жасалған шарттарда көзделген өзге функцияларды жүзеге асыратын оператор;

9) сауда нүктесі - тауарлар және (немесе) қызмет көрсету үшін қолма-қол ақшасыз ақы төлеуді жүзеге асыру үшін орнатылған POS-терминалдың және (немесе) өзге құрылғының орналасқан жері;

10) төлем терминалы - төлемдер жүргізуге және қолма-қол ақша енгізу арқылы банктік шотқа ақшаны есепке алуға, өзіне-өзі қызмет көрсету режимінде ақпараттық көрсетілетін банктік қызметтерді алуға, сондай-ақ тиісті операцияларды жүргізу фактісін растайтын құжаттарды жасауға арналған электрондық-механикалық құрылғы;

11) POS-терминал - төлем карточкаларын пайдалану және банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның ақпарат жүйесімен қосылу арқылы тауарлар немесе қызмет көрсету үшін ақы төлеу, оның ішінде POS-терминал орнатылған банкке, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға төлеу, сондай-ақ қолма-қол ақша беру жүзеге асырылатын электрондық-механикалық құрылғы.

4. Мәліметтер Ұлттық Банкке электрондық тәсілмен Ұлттық Банк белгілеген ақпарат беру форматтарымен ұсынылады.

Төлем ұйымдары Қағидалардың [7](#), [13](#) және [21-тармағында](#) көрсетілген Мәліметтерді Ұлттық Банкке электрондық тәсілмен немесе қағаз тасымалдағышпен ұсынады.

5. Операция шетел валютасымен жүргізілген кезде ол бойынша Мәліметтер операция жүргізу күнгі валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша теңгеге қайта есептеліп ұсынылады.

Валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамы Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8378 тіркелген «Валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамын айқындау және қолдану тәртібін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 15 [қаулысына](#) және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы 99 [бұйрығына](#) сәйкес айқындалады.

6. Егер Қағидалардың [7 - 21-тармақтарында](#) көзделген әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандар бойынша Мәліметтер ұсыну мерзімі жұмыс істемейтін күнге дәл келсе, Мәліметтерді ұсыну мерзімінің аяқталу күні келесі жұмыс күні болып саналады.

2-тарау. Мәліметтерді ұсыну тәртібі

7. Қағидаларға [1-қосымшаға](#) сәйкес әкімшілік деректерді жинауға арналған «Электрондық терминалдардың саны туралы мәліметтер» нысаны, ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың оныншы (қоса алғанда) күнінен кешіктірмей мына тұлғалар ұсынады:

1) екінші деңгейдегі банктер және «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамы, бас банктің төлемдер мен ақша аударымдарын, оның ішінде еншілес банктің корреспонденттік шотын пайдалана отырып депозиторлардың бас банкке «Қазақстан Республикасындағы

банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі - Банктер және банк қызметі туралы заң) [61-4-бабына](#) сәйкес берілген банктік шоттар бойынша жүзеге асыруымен байланысты аударым операцияларын Ұлттық Банктің лицензиясынсыз жүзеге асыратын, бұрын еншілес банк болған заңды тұлға, бас банк және Банктер және банк қызметі туралы заңның [61-2](#) және [61-4-баптарына](#) сәйкес оған қатысты қайта құрылымдау жүргізілген еншілес банк, сондай-ақ қосылатын банк, сондай-ақ Банктер және банк қызметі туралы заңға сәйкес оған қатысты қосылу жүзеге асырылған банк (бұдан әрі - банктер);

2) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар;

3) төлем ұйымдары.

8. Қағидаларға [2-қосымшаға](#) сәйкес әкімшілік деректерді жинауға арналған «Төлем карточкалары бойынша мәліметтер» нысаны, ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың оныншы (қоса алғанда) күнінен кешіктірмей мына тұлғалар ұсынады:

1) банктер;

2) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар.

9. Қағидаларға [3-қосымшаға](#) сәйкес әкімшілік деректерді жинауға арналған «Төлем карточкаларын пайдалана отырып қолма-қол ақша беру бойынша операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер» нысаны, ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың оныншы (қоса алғанда) күнінен кешіктірмей мына тұлғалар ұсынады:

1) банктер;

2) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар.

10. Қағидаларға [4-қосымшаға](#) сәйкес әкімшілік деректерді жинауға арналған «Төлем карточкаларын пайдалана отырып қолма-қол ақшасыз төлемдер бойынша операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер» нысаны, ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың оныншы (қоса алғанда) күнінен кешіктірмей мына тұлғалар ұсынады:

1) банктер;

2) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар.

11. Қағидаларға [5-қосымшаға](#) сәйкес әкімшілік деректерді жинауға арналған «Аймақтар бойынша операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер» нысаны, ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың оныншы (қоса алғанда) күнінен кешіктірмей мына тұлғалар ұсынады:

1) банктер;

2) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар.

12. Қағидаларға [6-қосымшаға](#) сәйкес әкімшілік деректерді жинауға арналған «Төлем карточкаларын пайдалана отырып операциялар жүзеге асырылатын банктік шоттардағы ақша қалдықтары туралы мәліметтер» нысаны, ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың оныншы (қоса алғанда) күнінен кешіктірмей мына тұлғалар ұсынады:

1) банктер;

2) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар.

13. Қағидаларға [7-қосымшаға](#) сәйкес әкімшілік деректерді жинауға арналған «Алаяқтық операциялардың көлемі туралы мәліметтер» нысаны, тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың оныншы (қоса алғанда) күнінен кешіктірмей мына тұлғалар ұсынады:

1) банктер;

2) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар;

3) төлем ұйымдары.

14. Қағидаларға [8-қосымшаға](#) сәйкес әкімшілік деректерді жинауға арналған «Процессинг орталығы және басқа банктермен өзара іс-әрекеті туралы мәліметтер» нысаны, осы нысан талаптарының бірі өзгерген күннен бастап он жұмыс күні ішінде мына тұлғалар ұсынады:

1) банктер;

2) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар.

15. Қағидаларға [9-қосымшаға](#) сәйкес әкімшілік деректерді жинауға арналған «Электрондық ақша эмитенті агенттерінің және қосалқы агенттерінің және электрондық ақша иелерінің саны туралы мәліметтер» нысаны, тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың оныншы (қоса алғанда) күнінен кешіктірмей мына тұлғалар ұсынады:

- 1) банктер;
- 2) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар.

16. Қағидаларға [10-қосымшаға](#) сәйкес әкімшілік деректерді жинауға арналған «Электрондық ақшаны пайдалана отырып жүргізілген операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер» нысаны, тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың оныншы (қоса алғанда) күнінен кешіктірмей мына тұлғалар ұсынады:

- 1) банктер;
- 2) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар.

17. Қағидаларға [11-қосымшаға](#) сәйкес әкімшілік деректерді жинауға арналған «Айналыстағы электрондық ақшаның саны туралы және электрондық ақшаны шығару мен өтеу бойынша операциялардың саны және көлемі туралы мәліметтер» нысаны, тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың оныншы (қоса алғанда) күнінен кешіктірмей мына тұлғалар ұсынады:

- 1) банктер;
- 2) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар.

18. Қағидаларға [12-қосымшаға](#) сәйкес әкімшілік деректерді жинауға арналған «Электрондық ақша эмитенті агенттерінің және қосалқы агенттерінің электрондық ақшаны иемдену және өткізу бойынша операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер» нысаны, тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың оныншы (қоса алғанда) күнінен кешіктірмей мына тұлғалар ұсынады:

- 1) банктер;
- 2) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар.

19-тармақ 2018 ж. 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілді

19. Қағидаларға [13-қосымшаға](#) сәйкес әкімшілік деректерді жинауға арналған «Банктік шотты пайдалана отырып және пайдаланбай төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын қабылдау мен жүзеге асыру жөніндегі мәліметтер» нысаны, ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың он бесінші (қоса алғанда) күнінен кешіктірмей мына тұлғалар ұсынады:

- 1) банктер;
- 2) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар;
- 3) пошталық ақша аударымдарын жүзеге асыратын пошта операторлары.

20. ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2016.31.08. № 213 [Қаулысымен](#) 2018 ж. 1 қаңтарға дейін қолданылды (*бұр.ред.қара*)

21-тармақ ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілді

21. Қағидаларға [15-қосымшаға](#) сәйкес әкімшілік деректерді жинауға арналған «Төлем ұйымдары жүзеге асыратын операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер» нысаны, тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың оныншы (қоса алғанда) күнінен кешіктірмей Ұлттық Банкте есептік тіркеуден өткен төлем ұйымдары ұсынады.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2018.27.08. № 182 [Қаулысымен](#) 1-қосымша өзгертілді (бұр.ред.қара); ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2018.29.11. № 302 [Қаулысымен](#) 1-қосымша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

Көрсетілетін төлем қызметтері туралы
мәліметтер беру [қағидаларына](#)
1-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан «Электрондық терминалдардың саны туралы мәліметтер»

Есепті кезең: 20__ жылғы _____ үшін

Индекс: 1-РК

Кезеңділік: ай сайын

Ұсынатындар: электрондық терминалдары бар және (немесе) кәсіпкерлермен төлем карточкаларын ұстаушыларға қызмет көрсету шарттарын жасасқан, интернет және мобильді банкінг қызметтерін көрсететін төлем қызметтерін берушілер:

- 1) банктер;
- 2) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар;
- 3) төлем ұйымдары.

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың оныншы (қоса алғанда) күнінен кешіктірмей. Егер айдың оныншы күні демалыс немесе мереке күніне сәйкес келсе, есептілікті ұсыну мерзімі келесі жұмыс күніне ауыстырылады.

Облыстың, астананың, республикалық маңызы бар қаланың атауы	POS-терминалдар саны (бірліктер)		Банкоматтар саны (бірлік)		
	банктердегі, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы	кәсіпкерлердегі		қолма-қол ақша беру функциясы- мен	қолма-қол ақша беру және қабылдау функциясымен
		тұрақты	мобильдік		
1	2	3	4	5	6
Ақмола					
Ақтөбе					
Алматы					
Атырау					
Шығыс Қазақстан					
Жамбыл					
Батыс Қазақстан					
Қарағанды					
Қостанай					
Қызылорда					
Маңғыстау					
Павлодар					
Солтүстік Қазақстан					
Түркістан					

облысы					
Алматы қаласы					
Астана қаласы					
Шымкент қаласы					

кестенің жалғасы

Банктік киоскілердің саны (бірлік)	Төлем терминалдарының саны (бірлік)	Эквайермен төлем карточкаларын ұстаушыларға қызмет көрсету шартын жасаған кәсіпкерлердің саны (бірлік)	POS-терминалдар және (немесе) ақы төлеуге төлем карточкаларын қабылдауға арналған өзге жабдық орнатылған сауда нүктелерінің саны (бірлік)	Интернетті және мобильді банкінгті пайдаланушылардың саны (бірлік)	
				Барлық тіркелгені	Активті
7	8	9	10	11	12

Бірінші басшы (ол болмаған кезеңде - оның орнындағы адам)

_____ тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) _____ қолы
 Орындаушы _____
 _____ лауазымы тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) _____ қолы

_____ телефон нөмірі
 Есепке қол қою күні 20 __ жылғы « ____ » _____

Әкімшілік деректерді жинауға арналған
«Электрондық терминалдардың саны туралы мәліметтер»
нысанына қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған «Электрондық терминалдардың саны туралы мәліметтер» нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді жинауға арналған «Электрондық терминалдардың саны туралы мәліметтер» нысанын (бұдан әрі - Нысан) толтыру жөніндегі талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 15-бабы екінші бөлігінің 52-5) тармақшасына және «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2-тарау. Нысанды толтыру

3. Нысанның 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10-бағандарында көзделген мәліметтер облыстар, республикалық маңызы бар қала және астана бойынша есепті айдың соңғы күні бойынша көрсетіледі.

4. 2, 3, 4-бағандарда банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның немесе эквайермен төлем карточкаларын ұстаушыларға қызмет көрсету шартын жасасқан кәсіпкердің POS-терминалдарының саны орналасқан жері бойынша көрсетіледі.

5. 3-бағанда стационарлық (алып жүрмейтін) POS-терминалдар саны көрсетіледі.

6. 4-бағанда мобильді (алып жүретін) POS-терминалдар саны көрсетіледі.

7. 5 және 6-бағандарда функционалдық мүмкіндіктері бойынша бөлінген банкоматтар саны көрсетіледі.

8. 7-бағанда банктік киоскілердің саны көрсетіледі.

9. 8-бағанда есепті айдың соңғы күніндегі төлем терминалдарының саны көрсетіледі.

10. 9-бағанда эквайермен төлем карточкаларын ұстаушыларға қызмет көрсету шартын жасасқан кәсіпкерлердің саны көрсетіледі.

11. 10-бағанда төлем карточкаларын қабылдауға арналған POS-терминалдар және (немесе) өзге жабдық орнатылған сауда нүктелерінің саны көрсетіледі.

12. 11-бағанда интернеттің және мобильді банкінгтің тіркелген пайдаланушыларының саны көрсетіледі.

13. 12-бағанда есепті кезеңде операциялар жүргізген интернет және мобильді банкінг пайдаланушыларының саны көрсетіледі.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2019.30.03. № 44 Қаулысымен 14-тармақпен толықтырылды

14. Өз қызметінде электрондық терминалдарды пайдаланбайтын төлем ұйымдары 1-11-бағандары толтырылмаған Нысанды жолдайды.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2018.29.11. № 302 Қаулысымен 2-қосымша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

Көрсетілетін төлем қызметтері туралы
мәліметтер беру қағидаларына
2-қосымша

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған «Төлем карточкалары бойынша мәліметтер»
нысаны**

Есепті кезең: 20 ____ жылғы « ____ » _____

Индекс: 2-РК

Кезеңділігі: ай сайын

Ұсынатындар: төлем карточкаларының эмитенттері болып табылатын көрсетілетін төлем қызметтерін берушілер:

1) банктер;

2) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар.

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі.

Ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың оныншы (қоса алғанда) күнінен кешіктірмей.
Егер айдың оныншы күні демалыс немесе мереке күніне сәйкес келсе, есептілікті ұсыну мерзімі келесі жұмыс күніне ауыстырылады.

Нысан

Төлем карточкалары бойынша мәліметтер

нысанды ұсынатын тұлғаның атауы

Облыстың, астананың, республикалық маңызы бар қаланың атауы	Төлем карточкасы жүйесінің атауы	Айналыстағы төлем карточкаларының саны (бірлік)			
		дебеттік	кредиттік лимиті бар дебеттік	кредиттік	алдын ала төленген
1	2	3	4	5	6
Ақмола					
Ақтөбе					
Алматы					
Атырау					
Шығыс Қазақстан					
Жамбыл					
Батыс Қазақстан					
Қарағанды					
Қостанай					
Қызылорда					
Маңғыстау					
Павлодар					
Солтүстік Қазақстан					
Түркістан					
Алматы қаласы					
Астана қаласы					
Шымкент қаласы					
Қазақстан Республикасынан					

тыс жерде					
-----------	--	--	--	--	--

кестенің жалғасы

Пайдаланылған төлем карточкаларының саны (бірлік)				Төлем карточкаларын ұстаушылардың саны (адам)
дебеттік	кредиттік лимиті бар дебеттік	кредиттік	алдын ала төленген	
7	8	9	10	11

Бірінші басшы (ол болмаған кезеңде - оның орнындағы адам)

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы

Орындаушы

Лауазымы тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолы

телефон нөмірі

Есепке қол қойылған күн 20 __ жылғы «__» _____

Әкімшілік деректерді жинауға арналған
«Төлем карточкалары бойынша мәліметтер»
нысанына қосымша

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған «Төлем карточкалары бойынша мәліметтер»
нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді жинауға арналған «Төлем карточкалары бойынша мәліметтер» нысанын (бұдан әрі - Нысан) толтыру жөніндегі талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 15-бабы екінші бөлігінің 52-5) тармақшасына және «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2-тарау. Нысанды толтыру

3. 2-бағанда мәліметтер ұсынылатын төлем карточкасы жүйесінің атауы көрсетіледі.

4. 3, 4, 5, 6-бағандарда негізгі және қосымша төлем карточкаларын ескере отырып, есепті айдың соңғы күнінде айналысқа шығарылған төлем карточкаларының саны көрсетіледі.

5. 7, 8, 9, 10-бағандарда негізгі және қосымша төлем карточкаларын ескере отырып, есепті айда операцияларды жүргізу және ақпараттық көрсетілетін банктік қызметті алу үшін пайдаланылған төлем карточкаларының саны көрсетіледі. Есепті айда бірнеше рет пайдаланылатын төлем карточкасы бір рет көрсетіледі.

6. 11-бағанда есепті айдың соңғы күніндегі төлем карточкалары ұстаушыларының саны көрсетіледі. Бір ұстаушыда бірнеше төлем карточкалары болған жағдайда, осындай ұстаушы бір рет көрсетіледі.

7. «Қазақстан Республикасынан тыс жерде» деген жолда банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым шетелде таратқан төлем карточкалары бойынша мәліметтер көрсетіледі.

Көрсетілетін төлем қызметтері туралы
мәліметтер беру қағидаларына
3-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

**«Төлем карточкаларын пайдалана отырып қолма-қол ақша беру бойынша
операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер»**

Есепті кезең: 20 ____ жылғы _____

Индекс: 3-РК

Кезеңділік: ай сайын

Ұсынатындар: төлем карточкаларының эмитенттері және (немесе) эквайерлер болып табылатын көрсетілетін төлем қызметтерін берушілер:

1) банктер;

2) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар.

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың оныншы (қоса алғанда) күнінен кешіктірмей. Егер айдың оныншы күні демалыс немесе мереке күніне сәйкес келсе, есептілікті ұсыну мерзімі келесі жұмыс күніне ауыстырылады.

Нысан

**Төлем карточкаларын пайдалана отырып қолма-қол ақша беру бойынша
операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер**

нысанды ұсынатын тұлғаның атауы

Операция жүргізу ортасы	Төлем карточкасы жүйесінің атауы	Операция белгісі	Байланыс жүйесі/арнасы	Қолма-қол ақшаны беру бойынша операциялар	
				саны (бірлік)	сомасы (мың теңге)
1	2	3	4	5	6

Бірінші басшы (ол болмаған кезеңде - оның орнындағы адам)

тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)

қолы

Орындаушы

лауазымы _____ тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған кезде)

қолы

телефон нөмірі

Есепке қол қойылған күні 20 ____ жылғы « ____ » _____

Әкімшілік деректерді жинауға арналған
«Төлем карточкаларын пайдалана отырып
қолма-қол ақша беру бойынша операциялардың
саны мен көлемі туралы мәліметтер»
нысанына қосымша

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған
«Төлем карточкаларын пайдалана отырып қолма-қол ақша беру бойынша
операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер»
нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді жинауға арналған «Төлем карточкаларын пайдалана отырып қолма-қол ақша беру бойынша операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер» нысанын (бұдан әрі - Нысан) толтыру жөніндегі талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 15-бабы екінші бөлігінің 52-5) тармақшасына және «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 4-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысан теңгемен толтырылады. Егер операция шетел валютасымен жүргізілсе, ондағы мәліметтер операция жүргізілген күнгі валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша теңгемен қайта есептеліп ұсынылады.

2-тарау. Нысанды толтыру

4. Нысанда жалпы алғанда банк, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым бойынша жүргізілген операциялар бойынша мәліметтер қамтылады.

5. 1-бағанда операцияны жүргізу ортасы - электрондық терминалдың атауы көрсетіледі.

6. 2-бағанда мәліметтер ұсынылатын төлем карточкасы жүйесінің атауы көрсетіледі.

7. 3-бағанда мәліметтер ұсынылатын операцияға сәйкес келетін (банктік шоттан ақшаны есептен шығарған кезде) белгісі көрсетіледі:

I - банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның төлем карточкаларын пайдалана отырып, меншікті қызмет көрсету желісінде жүргізілген операциялар;

II - банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның төлем карточкаларын пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының басқа банкінің қызмет көрсету желісінде жүргізілген операциялар;

III - банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның төлем карточкаларын пайдалана отырып, Қазақстан Республикасынан тыс жердегі басқа банктің қызмет көрсету желісінде жүргізілген операциялар;

IV - Қазақстан Республикасының басқа банктерінің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың төлем карточкаларын пайдалана отырып, меншікті қызмет көрсету желісінде жүргізілген операциялар;

V - Қазақстан Республикасының бейрезидент эмитенттерінің төлем карточкаларын пайдалана отырып, меншікті қызмет көрсету желісінде жүргізілген операциялар.

8. 4-баған осы түсіндірменің 7-тармағында белгіленген II, III, IV және V операцияларының белгілері бар халықаралық төлем жүйелерінің төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілген операциялар бойынша толтырылады. 4-бағанда мынадай деректер көрсетіледі:

1) бір процессинг орталығының пайдаланушылары арасында операция жүргізілген жағдайда, «1PC» байланыс арнасы көрсетіледі;

2) халықаралық төлем жүйесінің қатысуынсыз түрлі процессинг орталықтарының пайдаланушылары арасында операция жүргізілген жағдайда, «H2H» байланыс арнасы көрсетіледі;

3) халықаралық төлем жүйесі арқылы түрлі процессинг орталықтарының пайдаланушылары арасында операция жүргізілген жағдайда, осы жүйенің атауы көрсетіледі.

9. 5 және 6-бағандарда осы түсіндірменің 4 - 8-тармақтарында белгіленген талаптарға сәйкес төлем карточкалары бойынша қолма-қол ақшаны беру бойынша жүргізілген операциялардың саны мен сомасы көрсетіледі.

Көрсетілетін төлем қызметтері туралы
мәліметтер беру қағидаларына
4-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

«Төлем карточкаларын пайдалана отырып қолма-қол ақшасыз төлемдер бойынша операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер»

Есепті кезең: 20__ жылғы _____

Индекс: 4-РК

Кезеңділік: ай сайын

Ұсынатындар: төлем карточкаларының эмитенттері және (немесе) эквайерлер болып табылатын көрсетілетін төлем қызметтерін берушілер:

1) банктер;

2) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар.

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың оныншы (қоса алғанда) күнінен кешіктірмей. Егер айдың оныншы күні демалыс немесе мереке күніне сәйкес келсе, есептілікті ұсыну мерзімі келесі жұмыс күніне ауыстырылады.

Нысан

Төлем карточкаларын пайдалана отырып қолма-қол ақшасыз төлемдер бойынша операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер

нысанды ұсынатын тұлғаның атауы

Операция түрі	Операцияны жүргізу ортасы	Төлем карточкасын және (немесе) оның деректемелерін пайдалана отырып				
		төлем карточкасы жүйесінің атауы	операция белгісі	байланыс жүйесі/арнасы	операциялар саны (бірлік)	сомасы (мың теңге)
1	2	3	4	5	6	7

Бірінші басшы (ол болмаған кезеңде - оның орнындағы адам)

тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)

қолы

Орындаушы

лауазымы

тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған кезде)

қолы

телефон нөмірі

Есепке қол қойылған күні 20__ жылғы «____» _____

Әкімшілік деректерді жинауға арналған
«Төлем карточкаларын пайдалана отырып
қолма-қол ақшасыз төлемдер бойынша
операциялардың саны мен көлемі туралы
мәліметтер» [нысанына](#)
қосымша

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған
«Төлем карточкаларын пайдалана отырып қолма-қол ақшасыз төлемдер бойынша
операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер»
нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді жинауға арналған «Төлем карточкаларын пайдалана отырып қолма-қол ақшасыз төлемдер бойынша операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер» нысанын (бұдан әрі - Нысан) толтыру жөніндегі талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы [15-бабы екінші бөлігінің 52-5\) тармақшасына](#) және «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы [4-бабы 1-тармағының 14\) тармақшасына](#) сәйкес әзірленді.

3. Нысан теңгемен толтырылады. Егер операция шетел валютасымен жүргізілсе, ондағы мәліметтер операция жүргізілген күнгі валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша теңгемен қайта есептеліп ұсынылады.

2-тарау. Нысанды толтыру

4. Нысанда төлем карточкасын және (немесе) оның деректемелерін пайдалана отырып жүзеге асырылған қолма-қол ақшасыз төлемдер және ақша аударымдары бойынша мәліметтер қамтылады.

5. 1-бағанда операцияның түрі (тауарлар, көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеу және операциялардың өзге түрлері) көрсетіледі.

6. 2-бағанда операцияны жүргізу ортасы - электрондық терминалдың немесе қашықтан қол жеткізу жүйесінің атауы көрсетіледі.

7. 3 - 7-бағандарда төлем карточкасын және (немесе) оның деректемелерін пайдалана отырып қолма-қол ақшасыз төлемдер және ақша аударымдары бойынша мәліметтер көрсетіледі.

8. 3-бағанда төлем карточкасы жүйесінің атауы көрсетіледі, ол бойынша мәліметтер ұсынылады.

9. 4-бағанда операцияға сәйкес келетін белгісі көрсетіледі (банктік шоттан ақшаны есептен шығарған кезде), ол бойынша мынадай мәліметтер ұсынылады:

I - банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның төлем карточкаларын пайдалана отырып меншікті қызмет көрсету желісінде жүргізілген операциялар;

II - банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның төлем карточкаларын пайдалана отырып, Қазақстан Республикасының басқа банкінің қызмет көрсету желісінде жүргізілген операциялар;

III - банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның төлем карточкаларын пайдалана отырып Қазақстан Республикасынан тыс жердегі басқа банктің қызмет көрсету желісінде жүргізілген операциялар;

IV - Қазақстан Республикасының басқа банктерінің, Қазақстан Республикасының банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарының төлем карточкаларын пайдалана отырып меншікті қызмет көрсету желісінде жүргізілген операциялар;

V - Қазақстан Республикасының бейрезидент эмитенттерінің төлем карточкаларын пайдалана отырып, меншікті қызмет көрсету желісінде жүргізілген операциялар.

10. 5-баған осы түсіндірменің 9-тармағында белгіленген II, III, IV және V операцияның белгілері бар халықаралық төлем жүйелерінің төлем карточкаларын пайдалана отырып жүргізілген операциялар бойынша толтырылады. 5-бағанда мынадай деректер көрсетіледі:

1) бір процессинг орталығының пайдаланушылары арасында операция жүргізілген жағдайда, «1PC» байланыс арнасы көрсетіледі;

2) халықаралық төлем жүйесінің қатысуынсыз түрлі процессинг орталықтарының пайдаланушылары арасында операция жүргізілген жағдайда, «H2H» байланыс арнасы көрсетіледі;

3) халықаралық төлем жүйесі арқылы түрлі процессинг орталықтарының пайдаланушылары арасында операция жүргізілген жағдайда, осы жүйенің атауы көрсетіледі.

11. 6 және 7-бағандарда осы түсіндірменің 4 - 10-тармақтарында белгіленген талаптарға сәйкес төлем карточкасын және (немесе) оның деректемелерін пайдалана отырып қолма-қол ақшасыз жүргізілген төлемдердің және (немесе) ақша аударымдарының саны мен сомасы көрсетіледі.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2018.29.11. № 302 Қаулысымен 5-қосымша жаңа редакцияда (бұр.ред.қара)

Көрсетілетін төлем қызметтері туралы
мәліметтер беру қағидаларына
5-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған «Аймақтар бойынша операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер» нысаны

Есепті кезең: 20__ жылғы «__» _____

Индекс: 5-РК

Кезеңділік: ай сайын

Ұсынатындар: төлем карточкаларының эмитенттері және (немесе) эквайерлері болып табылатын көрсетілетін төлем қызметтерін берушілер:

- 1) банктер;
- 2) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар.

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың оныншы (қоса алғанда) күнінен кешіктірмей. Егер айдың оныншы күні демалыс немесе мереке күніне сәйкес келсе, есептілікті ұсыну мерзімі келесі жұмыс күніне ауыстырылады.

Нысан

Аймақтар бойынша операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер

нысанды ұсынатын тұлғаның атауы

Облыстың, астананың, республикалық маңызы бар қаланың атауы	Операция жүргізу ортасы	Төлем карточкасын пайдалана отырып			
		қолма-қол ақшасыз төлемдер және (немесе) ақша аударымдары		қолма-қол ақшаны беру бойынша операциялар	
		операциялар саны (бірлік)	сомасы (мың теңге)	операциялар саны (бірлік)	сомасы (мың теңге)
1	2	3	4	5	6
Ақмола					
Ақтөбе					
Алматы					
Атырау					
Шығыс Қазақстан					
Жамбыл					
Батыс Қазақстан					
Қарағанды					
Қостанай					
Қызылорда					
Маңғыстау					
Павлодар					
Солтүстік Қазақстан					

Түркістан					
Алматы қаласы					
Астана қаласы					
Шымкент қаласы					

Бірінші басшы (ол болмаған кезеңде - оның орнындағы адам)

тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	қолы
Орындаушы _____	
лауазымы тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)	қолы
Есепке қол қойылған күні 20 __ жылғы «____» _____	

Әкімшілік деректерді жинауға арналған
«Аймақтар бойынша операциялардың
саны мен көлемі туралы мәліметтер»
нысанына қосымша

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған «Аймақтар бойынша операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер»
нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді жинауға арналған «Аймақтар бойынша операциялардың саны мен көлемі туралы мәліметтер» нысанын (бұдан әрі - Нысан) толтыру бойынша талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасы 15-бабы екінші бөлігінің 52-5) тармақшасына және «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысан теңгемен толтырылады. Егер операция шетел валютасымен жүргізілсе, ол бойынша мәліметтер операцияны жүргізу күніне валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша теңгемен қайта есептеліп ұсынылады.

2-тарау. Нысанды толтыру

4. Нысанда төлем карточкаларын пайдалана отырып жүзеге асырылған қолма-қол ақшасыз төлемдер және (немесе) ақша аударымдары, сондай-ақ қолма-қол ақша беру операциялары бойынша мәліметтер қамтылады.

5. Мәліметтер оны пайдалана отырып операция жүзеге асырылған жабдықтың орналасқан жері бойынша көрсетіледі. Операция интернет, мобильді телефон немесе қашықтан қол жеткізудің өзге жүйесі арқылы жүргізілген жағдайда мәліметтер банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның ақпараттық жүйесінде клиенттің банктік шотын ағымдағы жүргізу орны бойынша көрсетіледі.

6. 2-бағанда операцияны жүргізу ортасы - электрондық терминалдың немесе қашықтан қол жеткізу жүйесінің атауы көрсетіледі.

7. 3, 4, 5, 6-бағандарда қолма-қол ақшасыз төлемдері және (немесе) ақша аударымдары бойынша операциялардың, сондай-ақ төлем карточкаларын пайдалана отырып қолма-қол ақша беру бойынша операциялардың саны және сомасы көрсетіледі. Көрсетілген бағандарда көзделген операциялардың саны және сомасы операцияның мынадай белгілері бойынша операциялардың саны мен сомасын қосу арқылы есептеледі (банктік шоттан ақшаны есептен шығару кезінде):

I - банктің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның төлем карточкаларын пайдалана отырып меншікті қызмет көрсету желісінде жүргізілген операциялар;

IV - Қазақстан Республикасының басқа банктерінің, Қазақстан Республикасының банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарының төлем карточкаларын пайдалана отырып, меншікті қызмет көрсету желісінде жүргізілген операциялар;

V - Қазақстан Республикасының бейрезидент эмитенттері шығарған, сондай-ақ эмитенттері Қазақстан Республикасының бейрезиденттері болып табылатын Қазақстан Республикасының банктері, Қазақстан Республикасының банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарының төлем карточкаларын пайдалана отырып меншікті қызмет көрсету желісінде жүргізілген операциялар.

Көрсетілетін төлем қызметтері туралы
мәліметтер беру қағидаларына
6-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

«Төлем карточкаларын пайдалана отырып операциялар жүзеге асырылатын банктік шоттардағы ақша қалдықтары туралы мәліметтер»

Есепті кезең: 20__ жылғы «__» _____

Индекс: 6-РК

Кезеңділік: ай сайын

Ұсынатындар: төлем карточкаларының эмитенттері болып табылатын көрсетілетін төлем қызметтерін берушілер:

1) банктер;

2) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар.

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың оныншы (қоса алғанда) күнінен кешіктірмей. Егер айдың оныншы күні демалыс немесе мереке күніне сәйкес келсе, есептілікті ұсыну мерзімі келесі жұмыс күніне ауыстырылады.

Нысан

Төлем карточкаларын пайдалана отырып операциялар жүзеге асырылатын банктік шоттардағы ақша қалдықтары туралы мәліметтер

нысанды ұсынатын тұлғаның атауы

Картчканың түрі	Орташа айлық қалдық (мың теңге)	Есепті айдың соңғы күнінің соңындағы ақша қалдығы (мың теңге)
1	2	3
Төлем карточкалары (алдын ала төленген төлем карточкаларын қоспағанда)		
Алдын ала төленген төлем карточкалары		

Бірінші басшы (ол болмаған кезеңде - оның орнындағы адам)

тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)

қолы

Орындаушы _____

лауазымы _____

тегі, аты, әкесінің аты _____

қолы

телефон

нөмірі _____

(ол болған кезде)

Есепке қол қойылған күні 20__ жылғы «__» _____

Әкімшілік деректерді жинауға арналған
«Төлем карточкаларын пайдалана отырып
операциялар жүзеге асырылатын банктік шоттардағы
ақша қалдықтары туралы мәліметтер»
нысанына қосымша

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған
«Төлем карточкаларын пайдалана отырып операциялар жүзеге асырылатын банктік
шоттардағы ақша қалдықтары туралы мәліметтер»
нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді жинауға арналған «Төлем карточкаларын пайдалана отырып операциялар жүзеге асырылатын банктік шоттардағы ақша қалдықтары туралы мәліметтер» нысанын (бұдан әрі - Нысан) толтыру жөніндегі талаптарды айқындайды.

2. Нысан «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 15-бабы екінші бөлігінің 52-5) тармақшасына және «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» 2016 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 4-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2-тарау. Нысанды толтыру

3. 1-бағанда карточканың түрі көрсетіледі:

1) 2 және 3-бағандардың «Төлем карточкалары» (алдын ала төленген төлем карточкаларын қоспағанда) жолы бойынша эмитенттің алдын ала төленген төлем карточкаларын пайдалана отырып жүзеге асырылатын операцияларды есепке алуға арналған шоғырландырылған шоты бойынша ақша сомасын қоспағанда, дебеттік, кредиттік лимиті бар дебеттік, кредиттік карточкаларды пайдалана отырып жүзеге асырылатын операциялар бойынша банктік шоттар бойынша ақша қалдығының жалпы сомасы қойылады;

2) 2 және 3-бағандардың «Алдын ала төленген төлем карточкалары» жолы бойынша алдын ала төленген төлем карточкаларын пайдалана отырып эмитенттің жүзеге асырылатын операцияларды есепке алуға арналған шоғырландырылған шоты бойынша ақша қалдығының сомасы қойылады.

4. 2-бағанда есепті айда төлем карточкаларын пайдалана отырып операциялар жүзеге асырылатын банктік шоттар бойынша орташа айлық қалдық сомасы көрсетіледі. Есепті айдағы орташа айлық қалдық банктік шоттардағы есепті айдың жұмыс күндері ішінде ғана (демалыс және мереке күндерін есептемей) есептелген күнделікті қалдықтарды қосу және алынған мәнді есепті айдың жұмыс күндерінің санына бөлу арқылы есептеледі.

5. 3-бағанда есепті айдың соңғы күнінің соңындағы жағдай бойынша төлем карточкаларын пайдалана отырып операциялар жүзеге асырылатын банктік шоттардағы қалдықтар сомасы көрсетіледі.

6. Шетел валютасындағы банктік шоттардағы қалдық күн сайын, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8378 тіркелген, «Валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамын анықтау және қолдану тәртібін белгілеу туралы» Қазақстан

Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 15 [қаулысының](#) және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 99 [бұйрығының](#) 1-тармағында көзделген тәртіппен айқындалған валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша теңгемен қайта есептеледі.

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2018.27.08. № 182 Қаулысымен 7-қосымша өзгертілді
(бұр.ред.қара)

Көрсетілетін төлем қызметтері туралы
мәліметтер беру қағидаларына
7-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

«Алаяқтық операциялардың көлемі туралы мәліметтер»

Есепті кезең: 20__ жылғы «__» _____

Индекс: 7-РК

Кезеңділік: тоқсан сайын

Ұсынатындар: көрсетілетін төлем қызметтерін берушілер:

- 1) банктер;
- 2) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар;
- 3) төлем ұйымдары.

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Ұсыну мерзімі: тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың оныншы (қоса алғанда) күнінен кешіктірмей. Егер айдың оныншы күні демалыс немесе мереке күніне сәйкес келсе, есептілікті ұсыну мерзімі келесі жұмыс күніне ауыстырылады.

Нысан

Алаяқтық операциялардың көлемі туралы мәліметтер

нысанды ұсынатын тұлғаның атауы

Жүйенің атауы	Операция жүргізу күні	Алаяқтық тәсілі	Операцияның түрі	Операция жүргізу ортасы	Операция белгісі	Елдің коды	Жүргізілген операция сомасы (теңге)
1	2	3	4	5	6	7	8

Бірінші басшы (ол болмаған кезеңде - оның орнындағы адам)

тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)

қолы

Орындаушы

лауазымы

тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған кезде)

қолы

телефон нөмірі

Есепке қол қойылған күні 20__ жылғы «__» _____

Әкімшілік деректерді жинауға арналған
«Алаяқтық операциялардың
көлемі туралы мәліметтер»
нысанына қосымша

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған
«Алаяқтық операциялардың көлемі туралы мәліметтер»
нысанын толтыру бойынша түсіндірме**

1-тарау. Жалпы ережелер

